

МИФТІК ТАБУ ҰҒЫМЫ: ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Дихамбаева Жанаргүл Болатқызы

zhakon27@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Дінтану және теология» мамандығының 2 курс магистранты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Жақиянов Т.Ж.

Миф қандай да болмасын ұлттың қалыптасуында негізгі тірек болып табылады. Мифтік түсініктер негізінде ұлттық ойлау ерекшеліктері, дүниетанымы, ділі, психологиясы ғасырлар бойы жинақталып қалыптасады. Алғашқы қауымдастықтардың көне түрлерінің жойылуына байланысты, бүгінгі таңда қоғамдық ойлаудың алғашқы санасы ретінде мифтік түсініктер өз маңыздылығын жоғалтты. Дегенменде, қазіргі күні миф әрбір ұлттың салт-дәстүрінен орын алып, ертегі, аңыз-әңгіме, лиро-эпостық жырларына енді.

Миф – адамзаттың қоршаған ортасы туралы ең алғашқы түсініктері негізінде қалыптасты. Ал, «мифология» осы қоршаған ортасын танып-түсінуінің алғашқы көрінісін, мәдениеттің көне түрін зерттейді. Миф пен мифологияны кешенді зерттеу ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында басталған. Бұл мәселелермен Э.Тайлер, Дж.Фрезер, К.Леви-Стросс, Б.Малиновский және т.б. ғалымдар айналысты. Ғалымдар «миф» ұғымына түрліше анықтама берді. Мысалы, М.Элиаде «Мифтің қырлары» атты еңбегінде «Миф қасиетті оқиғаны, яғни "барлық бастаулардың басталуы" деп аталатын уақытта болған оқиғалар туралы баяндайды. Миф өзінен бұрынғы адамдардың тәжірибесі мен даналығын сақтаған, оның көмегімен адам айналасындағы әлем туралы білім алған» деп анықтама береді [1]. Ал, Э.Тайлор мифологияның басталуын анимизммен байланыстырады [2]. Ол осы арқылы мифті табиғат пен қоршаған ортаға жан беру арқылы пайда болған ежелгі ілім деп дәлелдейді. Алғашқы қауымдастықтарды зерттеуші Б.Малиновский рәсімдер мен мифтердің мәнін ашуға тырысқан. Ол «Миф-элеуметтік тәртіптің матрицасы және моральдық мінез-құлық үлгілерінің жиынтығы. Қарабайыр қоғамда миф адам өмірін реттейтін өзіндік кодекс ретінде әрекет етеді. Миф салт-жоралар, рәсімдер мен дәстүрлердің негізі болып табылады» деді [3]. Осы ретте, әрбір халықтың салт-дәстүріне, өмір сүру стильіне кірігіп кеткен «табу» түсінігінің шығу төркінінде мифтік ұғымдар жатқандығын көреміз. «Табу» ұғымын ғылымға Дж. Кук алып келді. Ол бұл атауды 1777 жылы Полинезияға барған сапарында естіген. Алғашқы қауымдық сипатта өмір сүретін тайпалар өз араларында жасауға қандай да бір шектеулі әрекеттерді «табу» деп атаған. Осы ретте Дж.Фрээр «Табу» сөзінің шығу тегін тонғандық "ta" (белгілеу) етістігінен және "pu" күшейту етістігінен пайда болғандығын, бұл сөзбе-сөз "толығымен ерекшеленген, белгіленген" дегенді білдіретіндігін, ал синонимдік мағынасы ретінде "қасиетті" сөзі қолданылатындығын айтады. Яғни, табу дегеніміз жасауға тыйым салынған әрекеттер ғана емес, сонымен қатар сол әрекеттердің шығу төркінінде сакральді мәнге ие екендігін білдіреді.

Жалпы ғылымда табудың шығу төркінін, функциясы мен негізгі мәнін түсіндіруде бірнеше ғылыми концепциялар бар. Оларды төмендегідей қарастыруға болады:

1) діни теория, яғни табуды рухани субъектіге деген сенім негізіндегі «қасиетті» заңдар немесе тыйымдар деп есептеу (Э. Тайлор және т.б.);

2) магиялық теория, практикалық магияның позитивті түрі – сиқыршылықпен салыстырғанда, табуларды негативті түрі деп қарастыру (Дж. Фрээр және т.б.);

3) психологиялық теория, табуды моральдың алғашқы формасы ретінде тану (З. Фрейд);

4) антропологиялық теория, бұған сәйкес табу элеуметтік бақылаудың формасы болып есептеу (Б.Малиновский).

Қандай да бір шектеулі әрекеттің «табу» болып есептелінуі үшін, белгілі ғалым Ю.И.Семенов оның негізгі үш компоненті болуы керек дейді. Бірінші компонент – адамның риясыз сенуі, яғни шектеулі іс-әрекетті жасамау арқылы индивид қауіптен өзін ғана емес, өзінің қоғамдастығында құтқаратындығына сенім. Екінші – қорқыныш сезімі, яғни тыйым

салынған іс әрекеттің салдарынан болуы мүмкін қауіптен қорқу. Үшінші – нақты тыйым, норма. Осылайша, біз табудың алғашқы қауымдық сипаттағы қоғамдарда, мифтік түсініктер негізіндегі, яғни белгісіз тылсым күштің алдындағы дәрменсіздікті сезіну, сол арқылы жаманшылықтан сақтану әрекетінен туындағандығын көреміз.

Табуларды топтастыру мәселесінде, алғашқы қауымдық қоғамдардың табуларын зерттей отырып, Дж.Фрэзер «Алтын бұта» атты еңбегінде оларды үлкен төрт топқа бөледі. Олар:

- 1) наным-сенімдер негізінде тыйым салынған іс-әрекеттер;
- 2) белгілі бір себептермен тыйым салынған адамдар;
- 3) заттарға қатысты тыйымдар;
- 4) тыйым салынған сөздер [4].

Алғашқы топқа өзге тайпалықтармен қарым-қатынасқа, тамаққа қатысты, адамның түр-әлпетіне байланысты табуларды жатқызады. Мысалы, бөгде тайпалықтармен байланыс, өз тайпасына қауіп төндірумен теңестірілген. Ал, әйел адамның бетін жауып жүруі, адам жанының адамның беті арқылы тәннен бөлінетіндігімен түсіндірілген. Бұл табу көптеген халықтарда әлі күнге сақталған.

Екінші топқа автор, патшалар мен жауынгерлерге, балықшылар мен аңшыларға, адам өлтірушілерге қатысты табуларды жатқызады. Патшаға қарапайым адамдармен араласуға, қатар жүруге шектеу қойылуы, «көз тиеді» деген түсінікпен патшалар мен жауынгерлерге қарауға тыйым - белгілі бір себептермен тыйым салынған адамдарға қатысты табуға мысал бола алады. Бұл тыйымдар көптеген ғасырлар бойы Қытай мен Жапония мемлекеттерінде және Африка тайпаларында сақталған. Жаңа босанған әйелдер мен етеккір жағдайындағы әйелдермен сөйлесуге табу, қазіргі күні ғибадат үйлеріне «таза емес» әйелдерге кіруге тыйым салу, сондай-ақ, ораза кезінде етеккір уақытында ораза ұстауға тыйым салу түрінде қолданылады.

Үшінші топқа өткір қаруға, қан мен басқа, шаш және тырнақ алуға қатысты тыйымдарды жатқызады. Соңғы топқа автор адамның өз есімі, құдайлар мен қасиетті субъектілердің атауларына қатысты тыйымдарды жатқызады. Мысалы, патшалардың есімдерін, қайтыс болған адамдар мен ауру халіндегі адамдардың аттарын атауға тыйым салынды. Ауырып жатқан адамның есімін атау арқылы өлімді жақындатады деп түсіндірілген. Осы ретте, отандық ғалым Ә.Ахметов өзінің «Түркі тілдеріндегі табу және эвфемизмдер» атты еңбегінде тыйым салынған сөздер – табу болса, оларды алмастырып отыратын сөздерді эвфемизмдер деп атады.

Табулардың қазақ қоғамындағы ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, Ә.Ахметов өзінің кітабында «табу дегеніміз тыйым атаулының бүкіл әлемге таралып кеткен ортақ атауы» деп анықтама береді. Яғни, қазақ дүниетанымындағы ырым-тыйымдар ұғымы осы табумен теңестіріледі. Белгілі қазақ этнографы Б.Бопай ырым-тыйымдарға келесідей анықтама берген: «Тыйымдар бұйрық райда беріледі. Мысалы, «Бос бесікті тербетпе», «Босағаны керме», «Үйге қарай жүгірме». Ал ырымдар осы тыйым сөздердің мағынасын ашу мақсатында туған. «Көкті жұлсаң, көктей орыласың, жастай жазым боласың» деп тыйым ырымға айналады. Ырым – жақсылықтың жаршысы болса, тыйым – жамандықтан сақтандырудың жолы»[5]. Қазақ халқында ырым мен тыйымның бір-бірін толықтыратын ұғымдар болып, күнделікті өмірде қатар қолданыста болуы, табуларды қолданудағы ұлттық ерекшелік болып табылады.

Қазақ халқының ырым-тыйымдары бесіктегі баладан бастап, еңкейген кәріге дейін, әрқайсысына жеке дара арналған. Ырымдарда әдеп, этика, мораль түсініктері басым болса, ал, тыйымдар надандықтан тыюмен сипатталады. Осы арқылы бабаларымыз ұлтты тәрбиелеп отырған. Ырым-тыйымдар арғы атасынан, бергі баласына дейін, ұрпақтан ұрпаққа ұласып, тәрбиелік мәнін сақтап, тарихи құндылығын жоймай, мазмұнын өзгертпей жеткен. Қазіргі күнгі қолданыстағы қазақ халқының ырым-тыйымдарын төмендегідей топтастыруға болады:

- 1) **Тұрмыстық- шаруашылыққа байланысты ырым-тыйымдар**

- 2) Мәдени-гигиеналық мағынаны қалыптастыратын ырымдар мен тыйымдар
- 3) Экологиялық тәрбие беретін ырым-тыйымдар
- 4) Әдеп мәдениетіне тәрбиелейтін ырымдар мен тыйымдар
- 5) Ұрымдар мен тыйымдардың адамды қауіптен сақтандыратын түрлері.

Қазақ халқының ырым-тыйымдары мифологиямен тығыз байланысты. Халықтың алғашқы нанымдары мен табиғатқа табынушылық сенімдері негізінде пайда болған мифтер, ырым-тыйымдарға сакральды мән берді. Мысалы, қазақ халқы үшін от киелі ұғым. Осыған байланысты «Отпен ойнама», «оттан аттама», «шырағың сөнбесін» деген көптеген ырым-тыйымдар бар. Түнде үйден күл шығаруға, күлді басуға тыйым салады. Күлді басу жаманшылықты үйге әкелумен теңестіреді. Себебі, қазақ түсінігінде күлде шайтан, жын, пері, албасты секілді жағымсыз күш иелері мекендейді деп қабылданады. Тіпті, киіз үйдің дінгегі ретінде ошақ саналады. «Отбасы», «отағасы», «отанасы» ұғымдары да осы отпен байланыста туындаған.

Бүгінгі күні ырым-тыйымдарды ескіліктің жұрнағы деп қарап, оларды ислам дініне қайшы деп қарастыру қате қорытынды болып табылады. Керісінше, жаһандануға жұтылып бара жатқан ұрпақты тәрбиелеу мақсатында, салт-дәстүр мен ырым-тыйымдарымызды қайта жаңғыртып, қолданысқа енгізу маңызға ие. Осы мақсатта, ырым-тыйымдардың тәрбиелік, экологиялық білім беру, дүниетанымдық функцияларын тиімді пайдалану керек. Бұл ретте, ырым-тыйымдарды бүгінгі таңда ауқымды түрде зерттеу маңызды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мирча Э. Аспекты мифа. М.: «Инвест -ППП», «СТ-ППП», 1996. 240с.
2. Тайлор Э.Б. Первобытная культура - Москва: Издательства политической культуры, 1989, 573 с.
3. Малиновский Б. Магия, наука и религия. — М., 1998, 281 с.
4. Фрэзер Дж. Дж. Золотая ветвь. Исследование магии и религии / пер. с англ. М. К. Рыклина — М.: Политиздат, 1980, 831 с.
5. Дәстүр, №1, 2017: 20